



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Н.Д. Арутюнова метафораларды аударудың 3 негізгі принципін бөліп көрсетеді:

- 1) калькалау – мүмкін болған жағдайда бейнені сақтап қалу;
- 2) интерпретация, түпнұсқа бейнесін аударма реципиенті дұрыс қабылдамаған жағдайда;
- 3) бейнені алмастыру – авторлық метафорада жасырылған ойды жеткізу мақсатында аудармашының оқып отырған адамға түсінікті болу үшін бейнені алмастыру принципіне жүгінуіне тура келеді [5].

Эрнест Хемингуэйдің «Қош бол, майдан» романындағы метафораларды аудару барысында калькалау тәсілін де, сипаттау тәсілін де, интерпретацияны да байқаймыз.

С. Талжанов аударманың мақсат-міндетіне қатысты: «Бір елдің түпнұсқаларын өз тіліне аударғанда, аударушы өз әдебиетінің, өз тілінің қамын ойлауы – заңды құбылыс. Оларда ұшырайтын ерекшеліктері бұлжытпай беру арқылы аударма тілі, әдебиет байымақ. ...шет тілінен аударғанда оның өз ерекшелігін сақтау арқылы қазақ ұғымын кеңейтетініміз сүттен ақ, айдан анық» [1, 69 б.], - деген пікір айтқан. Осы жерде «ерекшелігін» дегенде ол түпнұсқа тілінің стилін, жанрын меңзеген. Осы айтылған оймен келісе отырып, Эрнест Хемингуэйдің «Қош бол, майдан» романы да аударылу барысында өз стилін жоғалтпай, өз заманына сай аударған туынды деп есептеймін. Сонымен, көркем аударма – тәржіманың ең қиын түрі. Ол тек қана екі тілді жетік білуді ғана талап етіп қоймайды, сонымен қоса соавтор бола алатын дәрежедегі жазушылық қабілет, түйсік керек. Көркем аудармадағы метафоралардың аударылу ерекшеліктері мен тәсілдерін меңгеру арқылы, түпнұсқадағы бейнесін аударма тілінде жеткізе білу маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Көркем мәтін және аударма: оқу құралы / Л. Н. Дәуренбекова, - Астана : Фолиант, 2015 . - 131 б.
2. Жумаева Н. Г., Очилова Д. Б. The usage of metaphor and metonymy in the novel «A farewell to arms» by E. Hemingway // Молодой ученый. — 2015. — №4. — С. 768-769.
3. Хемингуэй Э. Прощай, оружие!: Книга для чтения на английском языке. – СПб.: КОРОНА принт, КАРО, 2004. – 416 с.: ил. – (OriginalReading)
4. Хемингуэй Эрнест. Қош бол, майдан! Роман. / Орыс тілінен аударған Қ. Қараманұлы/. – Алматы: Жалын, 1979. – 312 бет.
5. https://studwood.ru/1432235/literatura/perevod_metafory_hudozhestvennom_tekste
6. Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2014. № 4 (34): в 3-х ч. Ч. III. С. 41-44. ISSN 1997-2911.

ӘОЖ:811.161

ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Доскенова Адина

adina.doskenova@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасы,
Аударма мамандығы бойынша магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Ә. Мұратова

Қарқынды ғылыми-техникалық прогресс адамзат өмірінің барлық салаларын қозғайды. Қазіргі заманғы ғылым саласын әр түрлі елдердің мамандары арасындағы ақпарат және жаңа идеялар алмасуынсыз елестету мүмкін емес. Барлық қызмет салаларындағы ғылыми-техникалық аудармаға деген сұраныс артып келеді және аудармашының жоғары біліктілікке ие болуын талап етеді.

Техникалық аударма саласындағы терминдерді аудару мәселесі аса өзекті болып табылады. Техникалық мәтіндер маңызды ақпарат тасымалдайтын көптеген терминдерге

толы. Терминдерді қолдану және аудару кезінде пайда болатын дәлсіздіктер мен қателіктер бір кәсіби салада қызмет ететін мамандары арасында түсініспеушілік тууының себебі бола алады. Терминдерді қате аудару технологиялық процеске, бір қызмет саласында істейтін жұмыс компаниялардың түрлі жобаларын іске асыру және дамытуға кері әсерін тигізуі мүмкін екені белгілі [1].

Техникалық терминология — белгілі бір техника саласындағы нақты немесе абстрактілі ұғымдарын (құрал-саймандар, аспаптар, құрылғылар, механизмдер, бөлшектер, жұмыс операциялары, өлшем бірліктері және т. б.) білдіретін сөздер немесе сөз тіркестер [2, б. 8].

Студент–аудармашылардың техникалық терминологияны тану процесі техникалық терминологияны аудару кезіндегі қиындықтар мен қателіктер, ғылыми мәтіндердегі терминдер, техникалық терминдердің түрлері, техникалық мәтіндердегі қысқартулар, техникалық терминдерді аудару тәсілдері, оқу терминологиялық сөздікті жасау мен жүргізу туралы мәселелерді зерттеумен тығыз байланысты. Берілген мақалада білім алушылар үшін маңызды тақырыптардың бірі, техникалық терминдерді аудару тәсілдерінің мәселесі қарастырылады.

Терминдер ерекшелігі және оларды аудару тәсілдері туралы сұрақ салғастырмалы тіл білімінде қашан да ерекше орынға ие болған: оны өздерінің аударма теориясы бойынша жұмыстарында В. Н. Комиссаров, Я. И. Рецкер, И. В. Арнольд қарастырған; бұл сұрақ қазіргі заманғы ғалымдарының барлығы аса көп назар аударатын объектісі болып табылады. Л. Л. Нелюбиннің «Түсіндірме аударма сөздігінде» терминдерді аудару мәселесіне жеке мақала арналған, бұл қарастырылып жатқан мәселенің маңызын және оны шешу күрделілігін атап көрсетеді.

Барлық тұтастай алғанда техникалық мәтіннің аударма сапасы техникалық терминді аудару тәсілін дұрыс таңдауға байланысты. Ғалымдар, практик-зерттеушілердің терминдерді тәсілдерін анықтауға деген өсіп келе жатқан қызығушылық осы күрделі лексикалық бірліктерді аударудың оңтайлы жолдарын табу талпынысымен түсіндіріледі.

Мәселен, Коваленко А. Я. [3], Попов С. А. [4], Судовцев В. А. [5], Смекаев В. П. [6], Ивлиева Н. В., Красноперова Ю. В. [7] өз зерттеулерінде терминдерді аударудың мынадай тәсілдерін сипаттап өтті, атап айтқанда, транскрипция және транслитерация, сипаттама аударма, термин компонентінің орнын ауыстыру тәсілі, термин компоненттерін белгілі бір ретпен аудару тәсілі, терминдерді аударуда есімшелі және көсемшелі тіркестерді пайдалану. Келтірілген терминдерді аудару тәсілдерінің тізімі мұнымен шектелмейді. Терминді аудару тәсілін анықтау және сипаттау бірнеше ондаған жылдарды қамтиды, оның құрамында орасан зор теориялық және практикалық материал бар. Ғалымдар, зерттеушілер құрылымы, пәндік облыстар және оларды аудару тәсілдері әр түрлі техникалық терминдерді талдайды. Зерттеуші, ғалымдардың тынымсыз жұмыстарының нәтижесі білім алушылар үшін ғана емес, бүкіл аударма қоғамдастығы үшін маңызды — техникалық терминдерді аудару тәсілдері туралы мәліметті әр түрлі көздерден жинауға тура келеді.

Осындай көздердің бірі Бүкілодақтық ғылыми-техникалық әдебиеттер және құжаттама аудару орталығының шолу ақпарат басылымдары болып табылады, атап айтқанда, 18-ші басылым «Терминологияның лингвистикалық мәселелері және ғылыми-техникалық аударма», 2-бөлім. Бұл басылымның авторлары, Лейчик В. М. және С. Д. Шелов, ғылыми және техникалық терминдерді аударудың төмендегі негізгі тәсілдерін егжей-тегжейлі қарастырады.

Бірінші тәсіл аударма тілінде түпнұсқа тілдегі терминнің баламасын табуға негізделеді. Мысалы, «iron» — «темір», «magnitude» — «көлем», «oxugen» — «оттегі», «appliance» — «аспап», «defect» — «зақым», «fastening» — «бекіту». Бұл тәсілді мемлекеттер бір ғылыми, техникалық немесе қоғамдық деңгейге жеткен жағдайда ғана қолдану мүмкін болады. Аталған тәсіл жиі бір сөзден тұратын терминдерге қатысты қолданылады.

Келесі тәсіл аударма тілдегі қолданыстағы сөзге немесе сөз тіркесіне түпнұсқа тілдегі термин әсерінен жаңа мән тіркеу болып табылады. Мысалы, «noise» — есептеу

техникасындағы термин жүйесінде «шу». Бұл тәсілді пайдалануды В. М. Лейчик ұсынады, себебі ол терминдер санының, соның ішінде, кірме терминдерінің артуына әкелмейді және мамандардың меңгеруі үшін ыңғайлы.

Үшіншісі – калькалау. Калькалау аударма тілінде сәйкестігі жоқ лексиканы жаңа сөзбен білдіру болып табылады, осылайша, сөздер немесе сөз тіркестердің құрамдас бөліктері аударма тілінде тікелей сәйкестіктермен алмастырылады. Калькалау сөз немесе сөз тіркесінің комбинаторлық құрамын қалпына келтіру болып саналады, яғни, сөздің құрамдас бөліктері (морфемалар) немесе фразалар (лексемалар) аударма тілінің сәйкес элементтерімен аударылады [8, б. 37]. Ол құрылымдық (Мысалы, «control torque» — «басқарушы момент») және семантикалық (Мысалы, «gear box» — «жетектер қорабы») болып бөлінеді. Басқа да мысалдар келтіріп өтсек: «collector-concentrator» – коллектор-концентратор, «textile fiber» – тоқыма жіп, «contacts distance» — түйіспелердің қашықтығы, «signal lamp» — «дабылдық лампышасы».

Келесі тәсіл кірме сөздерді қолдану болып табылады. Мысалы, «interface» — есептеу техникасы саласындағы «интерфейс», «antihelium» — «антигелий», «hypocenter» — «гипоцентр», «graphoepitaxu» — «графоэпитаксия». Бұл тәсіл термин аударма тілге ол түпнұсқа тілде атайтын жаңа объектісімен бірге келген жағдайда құпталады. Аталған тәсіл транскрипция мен транслитерация тәсілдерінен тұрады. Транскрипциялау – бұл ағылшын тіліндегі сөздің айтылуын қазақ тілі әріптерімен беру, яғни фонетикалық облик беру болып табылады. Есімдерді, фирмалар мен корпорация атауларын аудару барысында негізгі тәсіл ретінде пайдаланылады. «Mansion & House»– Мэншн и Хаус; «Special Systems Industry»– Спэшэл Системс Индастри. Транслитерация – ағылшын тілінде жазылған сөзді оның айтылуына

қарамастан, қазақша әріптермен жазу болап табылады. Мысалы: «maser» – мазер; «laser» – лазер; «radiation» – радиация.

Соңғы тәсіл – сипаттайтын сөз тіркес. Аударма тілінде ағылшын сөзінің баламасы немесе варианттық сәйкестігі болмаған жағдайда, аудармашы жиі сипаттама немесе түсіндірме аудармаға жүгінеді, яғни түпнұсқа сөзді неғұрлым қарапайым жолмен түсіндіру. Мысал ретінде келесілерді келтіруге болады: «digital watch» — «цифрлық индикациясы бар сағат», «timing control» — «уақыт синхронизациясына сәйкес басқару», «nodular iron» — «шар тәрізді графит бар шойынды», «test-type» – «көздің көру қабілетін анықтауға арналған кесте». Бұл әдіс негізінен баламасыз терминдер үшін пайдаланылады.

Техникалық терминологияны аудармашылық күзіреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде білу [9] техникалық терминнің мәнін, оның сауатты аударуды түсінудің іргелі негізін қалыптастырады, техникалық аудармашылардың дұрыс аударма жасауын қамтамасыз етеді. Техникалық/арнайы терминдерді білмей сапалы техникалық аударма жасау мүмкін емес.

Лейчик В. М. және С. Д. Шелов терминдерді аударудың қалыптастырған бұл тәсілдері кез келген тілдегі олардың сәйкес аудармасын табуда маңызды көмекші рөлін атқарады. Салалық терминдердің аудармада да дұрыс қалыптасуы, күнделікті қолданыста олардың көпшілікке түсінікті болып, бірізділікпен жүйелі қолданылуы тілдің дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан, ғылым салалары бойынша жазылған ғылыми зерттеулер мен терминологиялық сөздіктердің, аударма сөздіктердің алатын орны ерекше [10, б. 19].

Студент-аудармашылар үшін терминдерді аудару тәсілдерін білу олардың терминологиямен табысты жұмысының сенімді негізі болып табылатынын атап өту қажет. Техникалық терминдерді аударудың негізгі тәсілдерін білу білім алушылар үшін күрделі тапсырманы, яғни техникалық терминдерді аудару тапсырмасын шешуде кең мүмкіндіктер ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Паршина Т. В. О знании технической терминологии // Молодой ученый. — 2016. — №15. — С. 601-607.

2. Базылев В. Н. Технический перевод. Основные понятия переводоведения. Терминологический словарь-справочник / Отд. языкознания; Отв. редактор канд. филол. наук Раренко М. Б. — М., 2010. — 260 с.
3. Коваленко А. Я. Общий курс научно-технического перевода. — Киев: «Фирма «ИНКОС», 2003. — 320 с.
4. Попов С. А. Технический перевод и деловая коммуникация на английском языке/ Новгород. гос. ун-т им. Ярослава Мудрого. — Великий Новгород, 2006. — 153 с.
5. Судовцев В. А. Научно-техническая информация и перевод. Пособие по английскому языку. — М.: Высш. шк., 1989. — 232 с.
6. Смекаев В. П. Учебник технического перевода (английский язык) Н. Новгород: НГЛУ им Н. А. Добролюбова, Вектор ТиС, 2006. — 316 с.
7. Ивлиева Н. В., Краснопёрова Ю. В. Способы перевода терминов авиастроения (на материале технической документации) [Электронный ресурс] URL: amgpgv.ru.
8. Ефремов Л. П. Сущность лексического заимствования и основные признаки освоения заимствованных слов. — Алма-Ата, 1958. — 288 с.
9. Паршина Т. В. Педагогический подход к формированию специальной составляющей переводческой компетенции студентов-переводчиков в высшем учебном заведении [Текст] / Т. В. Паршина // Теория и практика образования в современном мире: материалы VIII междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, декабрь 2015 г.). — СПб.: Свое издательство, 2015. — с. 152–155.
10. Шойбеков Р. Қолөнер лексикасының термин жасауға қатысы// «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. — Алматы, 2007.

ӘОЖ 81-26:06.053.56

МУЛЬТИПЛИКАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДЕГІ ИРОНИЯНЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЖЕТКІЗУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ЗАҢДЫЛЫҒЫ

Еленбаева Мақпал

ms.elenbaeva@mail.ru

Еуразия гуманитарлық институтының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Л.У. Алипбекова

Әлемнің барлық мәдениеттеріне сай болып және адамдық қарым-қатынастың маңызды компоненті болып табылатын көптеген әмбебаптар бар. Ирония осы әмбебаптардың қатарына жатады. Ирония туралы тіпті Ежелгі Грециядағы Аристотель, Демостен, Платон, ал ежелгі Римде - Цицерон және Квинтилиян ойланды. Ол сөзбе-сөз «жалған» дегенді білдіретін гректің «eironeia» сөзінен шыққан. Шешендер оны күшті өнертапқыш-мәнерлі тілдік құрал ретінде пайдаланды [1]. Негізінен, ирония дегеніміз – қарама-қарсы мағынадағы сөздерді пайдаланып, біреуді мазақ қылу мақсатымен қолданылады. Ирония керемет, күрделі, талғамды механизм болып саналғанымен, ол қорғану механизмі деп те есептеледі. Сөйлеу кезінде иронияны қолдана отырып, басқа адамды кемсітуге, сонымен қатар әзілдің нысаны етуге болады. Иронияның кейбір әдебиеттанушылардың кекесін деп алуында да шындық бар, ол өйткені троптың бұл түрінің мазмұнын толық ашады. Дәлірек айтқанда, автордың қайсысы болса да ирония арқылы кемшілікті сынға алады да, күлкі туғызады. Ал күлкінің ащы түрінің де, жеңіл түрінің де болатыны баршаға мәлім. Сонысына қарай ирония да сатиралық және юморлық болып келеді [2].

Мультипликация кино индустрияның ең қызықты және тартымды жанрларының бірі. Ирония комедиялық мультфильмдердің ажырамас бөлігі [3]. Кино тілінің семиотикасы бойынша әдебиетте мультипликациялық фильмдерге айтарлықтай көңіл бөлінбейді. Бұл ішінара кинематографияның жалпы жүйесінде мультипликациялық фильмнің өзінің шалғай